Максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.6 Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 су объектісінде (Қара Ертіс, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел өзендері) жүргізіледі.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Қара Ертіс өзені:

- **Қара Ертіс** өзенінде су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,19, суда еріген оттегінің концентрациясы– 12,68 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,20 мг/дм³, түстілігі 10 градус, иісі – 0 балл.

– Боран ауылы (Боран а. аймағында) өзен айлағынан 0,3 км жоғары, су бекеті тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Ертіс өзені:

- Өскемен қ. қала шегінде; Өскемен ЖЭС бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09):су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 11,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 6,4 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 18,2 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 1 класқа жатады.

- Өскемен қ. Прапорщиково а. шегінде; Бражий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 16,4 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,019 мг/дм³, мырыш – 0,308 мг/дм³. Марганец пен мырыштың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Семей қаласынан 4 км жоғары; су өлшеу бекетінен 4 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 6,5 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Семей қ. 3 км қаладан төмен; «Қалалық су каналы» Басқармасының ағынды суларының төгінділерінен 0,8 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 3 класқа жатады: кадмий – 0,0015 мг/дм³. Кадмийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Ертіс өзені бойында су температурасы 0,1 °С – 1,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,84-8,11, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,7-13,0 мг/дм³, ОБТ₅ 0,96-3,00 мг/дм.

Ертіс өзені ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 10,4 мг/дм³.

Бұқтырма өзені:

- Алтай қ. Лесная пристань а. шегінде; Хамир ө. құйылысынан 0,1 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында, су сапасы 1 класқа жатады.

- Алтай қ. Зубовка а.шегінде; Березовка ө. құйылысынан 1,5 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында,су сапасы 2 класқа жатады: мұнай өнімдері -0,06 мг/дм³. Мұнай өнімдерінің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бұқтырма өзені бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 7,87-7,93, суда еріген оттегінің концентрациясы 12,5-13,0 мг/дм³, ОБТ₅ 1,39-1,56 мг/дм³.

Бұқтырма өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 1 класқа жатады.

Брекса өзені:

- Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 1 класқа жатады.

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы – 3,42 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Брекса өзені бойында су температурасы 0,1 °С – 2,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,00-8,15, суда еріген оттегінің концентрациясы 12,0-12,2 мг/дм³, ОБТ₅ 1,58-1,73 мг/дм³.

Брекса өзені ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: аммоний ионы – 1,81 мг/дм³.

Тихая өзені:

- Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы – 4,71 мг/дм³. Аммоний ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет) 0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,016 мг/дм³, мұнай өнімдері – 0,06 мг/дм³, нитриттер - 0,16 мг/дм³. Нитриттер мен мұнай өнімдерінің нақты концентрациясы фондық кластан асады, марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Тихая өзені бойында су температурасы 0,8 °С – 2,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,82,-8,37, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,8-11,3 мг/дм³, ОБТ₅ 1,03-1,89 мг/дм³.

Тихая өзені ұзындығы бойынша су сапасы 5 класқа жатады: аммоний ионы – 2,59 мг/дм³.

Үлбі өзені:

- Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы - 0,71 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы – 0,60 мг/дм³. Аммоний нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Өскемен қ. Каменный Карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,049 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1 км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

- Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1 км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Үлбі өзені бойында су температурасы 0,1 °С – 1,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,07 суда еріген оттегінің концентрациясы 10,7-13,0 мг/дм³, ОБТ₅ 1,42-1,80 мг/дм³.

Үлбі өзені бойында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,043 мг/дм³.

Глубочанка өзені:

-Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидрокұрылымынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: қалқыма заттар – 22,4 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Белоусовка ауылы шегінде; ауылдың тазалау құрылымының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы – 0,77 мг/дм³. Аммоний ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Глубокое ауылы шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау тұстамасында: су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,073 мг/дм³, мырыш 0,978 мг/дм³, нитриттер – 0,31 мг/дм³, мұнай өнімдері – 0,06 мг/дм³. Марганец, мырыш, нитриттер және мұнай өнімдерінің нақты концентрациялары фондық кластан асады.

Глубочанка өзені бойында су температурасы 0,1 °С - 0,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,25-8,46, суда еріген оттегінің концентрациясы 9,42-11,3 мг/дм³, ОБТ₅ 1,42-2,08 мг/дм³.

Глубочанка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,031 мг/дм³, мырыш - 0,484 мг/дм³, нитриттер – 0,17 мг/дм³.

Красноярка өзені:

- Алтайский ауылы шегінде гидрокұрылымынан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өзен сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Предгорное ауылы шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау тұстамасында: су сапасы 2 класқа: марганец – 0,029 мг/дм³, мырыш – 0,543 мг/дм³, мұнай өнімдері – 0,06 мг/дм³. Марганецтің, мырыштың, мұнай өнімдерінің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Красноярка өзені бойында су температурасы 0,1 °С, сутегі көрсеткіші 8,38-8,48, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,0-10,5 мг/дм³, ОБТ₅ 1,41-1,57 мг/дм³.

Красноярка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,029 мг/дм³, мұнай өнімдері – 0,06 мг/дм³.

Оба өзені:

- Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары; (09) тұстамасында: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар 16,5 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 11,1 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Оба өзені бойында су температурасы 1,2°C - 1,4 °C, сутегі көрсеткіші 7,76-7,83, суда еріген оттегінің концентрациясы 11,3-11,7 мг/дм³, ОБТ₅ 1,27-1,72 мг/дм³. Обаөзені бойында су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 13,8 мг/дм³.

Емел өзені:

Емел өзенінде су температурасы 0,1 °C, сутегі көрсеткіші 8,35, суда еріген оттегінің концентрациясы 12,0 мг/дм³, ОБТ₅ 2,57 мг/дм³, түстілігі 77 градус, иіс – 0 балл.

Емел Өз. Қызылту кенті тұстамасында су сапасы 3-класқа жатады: аммоний ион – 0,78 мг/дм³ кадмий – 0,0018 мг/дм³, магний – 28,1 мг/дм³. Аммоний ионы мен кадмийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

2020 жылы ақпан айында Шығыс Қазақстан аумағындағы су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады: 1 класс: Қара Ертіс, Бұқтырма өзендері; 2 класс- Үлбі, Глубочанка, Красноярка өзендері; 3 класс –Емел өзені; 4 класс Ертіс, Брекса, Оба өзендері; 5 класқа Тихая өзені жатады. (кесте 4).

2019 жылғы ақпанмен салыстырғанда Қара Ертіс, Үлбі, Красноярка, Оба, Емел өзендерінің су сапасы айтарлықтай өзгермеді; Бұқтырма, Тихая, Глубочанка өзендерінің су сапасы – жақсарды, Ертіс, Брекса өзендерінің су сапасы – нашарлады.

**5.7 Гидробиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштер бойынша
2020 ж. ақпан айындағы ШҚО аумағындағы жер үсті сулары сапасының
сипаттамасы**

Қара Ертісөз. 2020 ж. ақпан айында жер үсті суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлген дафниялар тест-параметрі 0% құрады.

Ертіс өз. 2020 ж. ақпан айында алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ. «Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09)» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады; «Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары (0,9)» орналасқан тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады; «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (01) сол жағалау» орналасқан - тұстамада өлген дафниялар 0% құрады; ал «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады; «Өскемен қ. Прапорщиково а. шегінде; Бразий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан - тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады; «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 30% құрады.

Бұқтырма өз. 2020 ж. ақпан айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ. Екі тұстамада тірі дафниялар 100% құрады.

Брекса өз. 2020 ж. ақпан айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде әрқалай болды. «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өлген дафниялар 10% құрады. Екінші «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 26,7% құрады. Өткір уытты әсер тіркелген жоқ.

Тихая өз. 2020 ж. ақпан айында алынған су сынамалары «Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамада өлген дафниялар 3,3% құрады өткір уыттылық жоқ, ал екінші «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет)0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 16,7 % құрады, өткір уыттылық тіркелген жоқ.

Үлбі өз. 2020 ж. ақпан айында алынған су сынамалары әр түрлі деңгейде тіркелді. «Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау» орналасқан тұстамада өліп қалған дафниялар 6,7% құрады, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар саны 90% құрады. «Өскемен қ. Каменный Карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамада өлген дафниялар 0%. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау» өлген дафниялар саны 13,3% құрады. «Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар саны 10% құрады, өткір уыттылық жоқ.

Глубочанка өз.2020 ж. ақпанайында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өзара ерекшеленді. «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамадан өлген дафниялар 0% құрады, өткір уыттылық жоқ. «Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлі дафниялар 40% құрады. «Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» тұстамадан өлген дафниялар 76,7% құрады, өткір уыттылық тіркелді.

Красноярка өз. 2020 ж. ақпан айында алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде «Алтайский а. Алтайский а.шегінде гидроқұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары;(09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады. Екінші «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау» тұстамада өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлген дафниялар саны 26,7% құрады.

Оба өз. 2020 ж. ақпан айында алынған су сынамаларында өткір уытты әсер тіркелген жоқ. «Шемонаиха қ. Березовка өз. құйылысынан 1,8 км жоғары; (09)»

тұстамада өлген дафниялар 0% құрады, екінші «Шемонаиха қ.Камышенка а. шегінде;Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада өлген дафниялар 0% құрады.

Емел өз. 2020 ж. ақпан айында жер беті суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, өлі дафниялар саны 0% құрады.(5 қосымша).

5.8 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық станцияларда (Ақжар, Аягөз, Дмитревка, Баршатас, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Катон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарқа, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) жүргізіледі (5.9-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04 - 0,32мкЗв/сағ.аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,14мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

5.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияларда (Аягөз, Баршатас, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.9-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9-2,1Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.9-сурет. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид,

				бенз(а)пирен, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,көміртегі диоксиді, азот диоксиді,азот оксиді, озон (жербеті),күкірттісутегі, аммиак



6.1-сурет. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6,1-сур.) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол $EЖҚ=4\%$ (көтеріңкі деңгей) және $СИ=1,6$ (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Азот диоксидінің орташа шоғырлары $1,6ШЖШ_{от.}$ құрады, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдардың шоғырлары ШЖШ аспады. (1 кесте).

Азот диоксиді бойынша максималды-бір реттік шоғырлары $1,6 ШЖШ_{м.б.}$ құрады, атмосфералық ауадағы басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.2 Жаңатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Токтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.2-сурет. Жаңатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол $EЖҚ=3\%$ (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша және $СИ=1,7$ (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Озонның (жер беткі) орташа шоғыры $2,0 \text{ ШЖШ}_{\text{о.т.}}$ құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады. (1 кесте)

Максималды-бір реттік шоғырлар күкіртсутегі бойынша $1,7 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б}}$ құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, ол СИ=2,5 және ЕЖҚ=3% мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады. (кесте 1)

Максималды-бір реттік шоғырлар күкіртсутегі бойынша 2,5 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері -1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, ол $СИ=1,1$ (төмен) және $ЕЖҚ=1\%$ (төмен деңгей) күкіртті сутегі бойынша анықталды.

Орташа айлық шоғырлар озон (жер беті) бойынша $1,5$ ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік шоғырлар күкіртсутегі бойынша $-1,1$ ШЖШ_{м.б} құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері,

				күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жер беті), күкіртсутегі, аммиак
--	--	--	--	--



6.5-сурет. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану көтеріңкі болып бағаланды, ол $EЖҚ=1,5\%$ (төмен деңгей) күкіртті сутегі бойынша және $СИ=1,3$ (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Озонның (жер беткі) орташа шоғырлары $3,2 \text{ ШЖШ}_{0.т.}$ құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады. (1 кесте)

Максималды-бір реттік шоғырлар күкіртсутегі бойынша $1,3 \text{ ШЖШ}_{м.б}$ құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.6. Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су нысанында жүргізіледі (Талас, Аса, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Аса өзендері бассейнінің ағысы Қырғыз Республикасының аумағында толығымен қалыптасады. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Талас өзені:

- тұстама Жасөркен а. 0,7 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 39,7 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 67,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 56,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 74,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Талас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 2,6-12,4⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80-8,30, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,1-11,2 мг/дм³, ОБТ₅ 1,56-2,46 мг/дм³.

Талас өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 52,6 мг/дм³.

Аса өзені су температурасы 3,8⁰С, сутегі көрсеткіші 7,80, суда еріген оттегінің шоғыры 9,17 мг/дм³, ОБТ₅ 0,81 мг/дм³.

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 42,0 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Қалқыма заттармен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Билікөл көлінің су температурасы 4,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,70, суда еріген оттегінің концентрациясы 8,52 мг/дм³, ОБТ₅ 20,5 мг/дм³.

Шу өзені су температурасы 6,0-8,2⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,75-7,85, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,6-11,8 мг/дм³, ОБТ₅ 5,1 мг/дм³.

- тұстама Қайнар а. (Благовещенское а.): су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 34,9 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады, ал фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Ақсу өзенінің су температурасы 4,2⁰С, сутегі көрсеткіші 7,90, суда еріген оттегінің концентрациясы 12,5 мг/дм³, ОБТ₅ 3,14 мг/дм³.

- тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 557,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қарабалта өзені су температурасы 4,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,95, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,1 мг/дм³, ОБТ₅ 2,80 мг/дм³.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 34,8 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тоқташ өзені су температурасы 2,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,90, суда еріген оттегінің концентрациясы 14,3 мг/дм³, ОБТ₅ 3,76 мг/дм³.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 32,9 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады, фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Сарықау өзені су температурасы 2,4⁰С, сутегі көрсеткіші 8,10, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,7 мг/дм³, ОБТ₅ 4,08 мг/дм³.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 33,9 мг/дм³, сульфаттар – 394,0 мг/дм³. ОХТ және сульфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Тасөткел су қоймасы су температурасы 3,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,10, суда еріген оттегінің концентрациясы 14,2 мг/дм³, ОБТ₅ 5,8 мг/дм³, түсі 10 градус, мөлдірлігі 10 см., иісі – 0 баллды құрады.

- тұстама Тасөткел а., Тасөткел стансасынан оңтүстікке қарай 2,5 км, су қойма бөгенінен (оңтүстік-шығысқа) 0,5 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар– 94,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылдың ақпан айында Жамбыл облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: 4 класс – Асса, Шу, Қарабалта, Тоқташ және Сарықау өзендері; нормаланбайды (>5 класс) – Талас, Ақсу өзендері және Тасөткел су қоймасы.

2019 жылдың ақпан айымен салыстырғанда Талас және Ақсу өзендері– айтарлықтай өзгермеген; Сарықау өзені мен Тасөткел су қоймасы – нашарлаған; Асса, Шу, Қарабалта және Тоқташ өзендерінде– жақсарған.

6.7 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізілді (6.6-сур.). Барлық станцияларда бестәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,09 – 0,23мкЗв/сағ. мкЗв/сағ. аралығында болды. Радиациялық гамма-фонның орташа мәні облыс бойынша 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу $0 - 2,1 \text{ Бк/м}^2$ аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы $1,6 \text{ Бк/м}^2$, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.6-сурет. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы

3		Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жер беткі)
5		Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, озон (жер беткі)



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=1,1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ аспады. (1 кесте)

Көміртегі оксиді мен күкіртті сутегінің максималды бір реттік шоғырлары 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады. (1 кесте)

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.



7.2 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.2-кесте).

7.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	аммиак, РМ-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы, озон (жербетті)
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көшесі, 35	аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербетті)



7.2-сурет. Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=1,0 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ аспады. (1 кесте)

Күкіртті сутегінің максималды бір реттік шоғырлары 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ аспады. (1 кесте)

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


7.3 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.3-кесте).

7.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рабочая к-сі, 16	аммиак, азот диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербетті)



7.3-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.) кенттің атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=0,3 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады. (1 кесте)

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.4 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 3 су нысанында Жайық, Шаған, Деркөл өзендерінде жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Жайық өзені:

- Январцево ауылы тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 22 мг/дм³. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.
- Орал қаласынан 0,5 км жоғары тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: аммоний-ион –0,53 мг/дм³. Аммоний - ионың нақты концентрациясы фондық кластан асады.
- Орал қаласынан 11,2 км төмен, гидробекеті тұстамасы : су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар -0,0018 мг/дм³. Фенолдар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Жайық өзені бойынша су температурасы 0,2°C, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,45-7,89 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы орта есеппен 8,87-9,72 мг / дм³, ОБТ₅ орташа 1,62-2,37 мг/дм³ құрады, түсі 12-13 градусқа дейін; мөлдірлігі – 17-18 см, иісі - 0 балл барлық тұстамада.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 1 класқа жатады.

Шаған өзені:

- Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: - аммоний-ион – 1,19 мг/дм³. Аммоний - ионың нақты концентрациясы фондық кластан асады.
- Шаған өзеніннің сағасынан 0,5 км жоғары тұстамасы: су сапасы 3 класқа жатады: аммоний-ион –0,53 мг/дм³, ОБТ₅-3,22 мг/дм³. Аммоний - ионың және ОБТ₅ нақты концентрациялары фондық кластан асады.

Шаған өзені бойынша су температурасы 0,2°C дейін, сутек көрсеткіші 7,42-7,61 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,49-11,35 мг/дм³, ОБТ₅ орташа 1,62-3,22 мг/дм³ құрады, түсі- 14 градус, мөлдірлігі – 16 см, иісі - 0 балл барлық тұстамада.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ион – 1,07 мг/дм³.

Деркөл өзені:

Деркөл өзені бойынша су температурасы 0,2°C, сутегі көрсеткіші 7,61 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 8,10 мг/дм³, ОБТ₅ 3,23 мг/дм³ құрады, түсі-14 градусқа, мөлдірлігі – 16 см, иісі - 0 балл.

-Селекционный ауылы тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: аммоний-ион –1,13 мг/дм³. Аммоний - ионың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылғы ақпандағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 1 класс – Жайық өзені; 4 класс- Деркөл, Шаған өзендері.

2019 жылғы ақпанмен салыстырғанда су сапасы Жайық өзенінде- жақсарды, Деркөл өзенінде – нашарлаған, Шаған өзенінде айтарлықтай өзгермеді.

7.5 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпак) және Орал қаласының (№2, 3 ЛББ) мен Ақсай қаласының (№4 ЛББ) 3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08 – 0,25 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпак) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.5-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,1 – 1,8 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.4-сурет. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8 Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі


8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі,15 (жаңа Майқұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол,формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жер беті), көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
6			Архитектурная 15/1, (Прокуратурааумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,күкіртті сутегі,көмірсутегі сомасы, метан, озон (жер беті),радиациялық гамма фон қуаттылығы
8			3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі,аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан



8.1-сурет. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **өте жоғары деңгей** болып бағаланды, $СИ = 18,8$ -ке тең (өте жоғары деңгей) №6 бекет аумағында (*Архитектурная көшесі, 15/1 уч.*) РМ 2,5 қалқыма бөлшектері бойынша, $ЕЖҚ = 17\%$ (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша №4 бекет аумағында (*Бирюзова көш. 22 (Жаңа Майқұдық)*) анықталды.

*2020 жылғы 2 ақпанда №6 (*Архитектурная көшесі, 15/1 уч.*) автоматты бақылау бекетінің мәліметі бойынша РМ 2,5 қалқыма бөлшектерінің 6 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) ($10,0-18,8 ШЖШ_{м.б.}$) және 2 ақпанда РМ 10 қалқыма бөлшектерінің 1 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) ($10,0 ШЖШ_{м.б.}$) тіркелген (2-кесте).

*БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, $СИ > 10$ болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен $СИ$ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Орташа айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – $1,4 ШЖШ_{о.т.}$, фенол – $1,8 ШЖШ_{о.т.}$, озон (жербеті) – $1,6 ШЖШ_{о.т.}$, формальдегид – $1,5 ШЖШ_{о.т.}$ құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – $18,8 ШЖШ_{м.б.}$, РМ 10 қалқыма бөлшектері – $10,0 ШЖШ_{м.б.}$, күкіртсутегі – $1,6 ШЖШ_{м.б.}$, көміртегі оксиді – $3,2 ШЖШ_{м.б.}$ құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


8.2 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.2-кесте).

8.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртесутегі, озон (жербеті)



8.2-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау
стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төменгідеңгей** болып бағаланды, СИ=1 №2 бекет аумағында (*Саран көшесі, 28а*) азот диоксиді бойынша анықталды. және ЕЖҚ=0 анықталды.

Орташа айлық шоғырлары: азот диоксиді – 1,0ШЖШ_{0.т.}, озон (жербеті) – 2,4ШЖШ_{0.т.} кұрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


8.3 Балқаш қаласындағы атмосфералық ауаның ластану жағдайы

Атмосфералық ауаны бақылау 4 стационарлық бақылау орындарынан жүргізіледі (8.3-сурет, 8.3-кесте).

Кесте -8.3

Анықталатын қосындылар мен бақылау орындарының орналасу кестесі

Бақ-у орн-ң реті	Жинап алу мерзімі	Бақылау жұмыстарың өткізу	Мекен-жайы	Анықталатын қосындылар
1	Тәулігін -де 3 рет	Қолмен жинап алу (дискретті әдістер)	«Сабитова» шағымауданы (№ 16 орта мектебініңмаңайы да)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көмірсутегі оксиді,азот диоксиді. ПНЗ №1,3-те(әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән,қорғасын, хром (Алматы қаласы, ХАЗБ- да анықталады)
3			Ленина-2 көшесі, Алимжановакөшесі нің бұрышында	
4			Сейфулина көшесі(больничный городок,СЭСмаңай ында)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көмірсутегі оксиді,азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	Әр 20 минут сайын	үздіксіз	Ленина көшесі, №10 үйден төменірек	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқымабөлшектері, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі, аммиак, озон (жербеті).



8.3-сурет. Балқаш қаласындағы атмосфералық ауа ластануың анықтайтын стационарлық бақылау жүйесінің сызбасы

Атмосфералық ластануға берілетін жалпы сипаттама. Стационарлы бақылау жүйесінен алынған ақпарат бойынша (8.3.-сурет), атмосфералық ластану **жоғары деңгей** болып есептелді, оның шамасы №2 СКАТ бақылау бекеті (Ленина көшесі, №10 үйден төменірек) аумағында күкіртсутегі бойынша СИ=12-ге (өте жоғары деңгей) және №3 (Ленина-2 көшесі, Алимжанов көшесінің бұрышында) күкірт диоксиді бойынша ЕЖҚ =4%-ға (көтеріңкі деңгей) тең.

*БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) РМ-2,5 орташа айлық шоғыры - 2,1 ШЖШ_{от}, қалқыма бөлшектерінің (шаң) РМ-10 орташа айлық шоғыры -1,2 ШЖШ_{от}, озон (жербеті) -2,0 ШЖШ_{от} қалған ластанушы заттардың орташа айлық шоғырлар ШЖШ_{от} -дан асқан жоқ.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғырларынан асуы – 4,4 ШЖШ_{м.б} құрады, күкіртсутегі бойынша – 11,9 ШЖШ_{м.б}, қалқыма бөлшектер (шаң) РМ-2,5 бойынша – 4,2 ШЖШ_{м.б}, қалқыма бөлшектер (шаң) РМ-10 бойынша – 2,2 ШЖШ_{м.б} қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,0 ШЖШ_{м.б} қалған ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ.

2020 жылғы 22 ақпанда №2 бақылау бекетінің мәліметі бойынша күкіртсутегінің 1 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) (11,94 ШЖШ_{м.б}) тіркелген, экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.


8.4 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.4-кесте).

8.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	<i>Сарыарқа көшесі, 4Г үй,</i>	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3			<i>Желтоқсан көшесі (Жастаркөшесі), 6</i>	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М. Жәлел көшесі, 4в	азот диоксиді, азот оксиді, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқымабөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкірттісутек аммиак



8.4-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **жоғары деңгей** болып бағаланды, СИ = 2,4 (көтеріңкі деңгей) күкірт диоксиді бойынша № 1 – бекеттің аумағында (М. Жәлел көшесі, 4В) және ЕЖҚ = 29 % (жоғары деңгей) фенолдың бойынша № 3 – бекеттің аумағында (Желтоқсан көшесі, 6) және қалқыма бөлшектердің (шаң) бойынша № 2 – бекеттің аумағында (Сарыарқа көшесі, 4Г) анықталды.

*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштерінің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланды.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 2,7 ШЖШ_{о.т.}, фенолдың – 2,7 ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 2,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, фенолдың – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.5 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5 -сур., 8.5-кесте).

8.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Дмитров көшесі, 213	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол, аммиак, сынап
4			6-шағынаудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағынауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді,

				күкіртсутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан
--	--	--	--	---



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **жоғарыдеңгей** болып бағаланды, СИ=6,4-ке тең (жоғары деңгей) №2 бекет аумағында (*Фурманов көшесі, 5*) күкіртсутегі бойынша, ЕЖҚ = 28% (жоғары деңгей) фенол бойынша №3 бекет аумағында (*Димитров көшесі, 213*) анықталды.

Орташа айлық шоғырлары: Қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,2 ШЖШ_{0.т.}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 1,6 ШЖШ_{0.т.}, фенол – 3,0 ШЖШ_{0.т.}, күкірт диоксиді – 1,0 ШЖШ_{0.т.}, аммиак – 1,1 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: Қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 5,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 6,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.6 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 6 су объектісінде жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгір өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауындағы саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Нұра өзені:

- Балықты т.ж. стансасы, Көкпекті өзенінен шұңғымасынан 2,0 км төмен, км т.ж. көпірінен 0,5 жоғары тұстама. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 45 мг/дм^3 , фенолдар – $0,002 \text{ мг/дм}^3$. Магний мен фенолдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Теміртау қ. 0,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км жоғары тұстама. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – $35,0 \text{ мг/дм}^3$, фенолдар – $0,003 \text{ мг/дм}^3$. Магнийдің мен фенолдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- «Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен» тұстама. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – $40,0 \text{ мг/дм}^3$, фенолдар – $0,003 \text{ мг/дм}^3$. Магний мен фенолдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен тұстама. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – $34,0 \text{ мг/дм}^3$, фенолдар – $0,004 \text{ мг/дм}^3$. Магний мен фенолдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- «Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен» тұстама. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – $39,0 \text{ мг/дм}^3$; фенолдар – $0,003 \text{ мг/дм}^3$. Магнийдің мен фенолдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- ЖанаТалап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі тұстама. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – $39,0 \text{ мг/дм}^3$ фенолдар – $0,002 \text{ мг/дм}^3$. Магний мен фенолдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Ынтымақ су қоймасының Төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен тұстама. Су сапасы 4 класқа жатады магний – $56,0 \text{ мг/дм}^3$, фенолдар – $0,002 \text{ мг/дм}^3$. Магний мен фенолдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Ақмешіт а., ауылдың шегіндегі тұстама. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – $56,0 \text{ мг/дм}^3$; фенолдар – $0,003 \text{ мг/дм}^3$. Магний мен фенолдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы $0,2 - 1,8 \text{ }^\circ\text{C}$ шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші $7,50 - 7,94$, судағы еріген оттегі концентрациясы – $6,92 - 15,93 \text{ мг/дм}^3$, $\text{ОБТ}_5 - 1,04 - 3,82 \text{ мг/дм}^3$, түстілігі – $12 - 31$ градус; иісі – 0 балл.

Нұра өзенінің ұзындығында судың сапасы 4 класқа жатады: магний – $42,8 \text{ мг/дм}^3$, фенолдар – $0,003 \text{ мг/дм}^3$.

Самарқан су қоймасы:

- Самарқан су қоймасы Теміртау қ., плотинадан 7 км жоғары, проран; Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 39 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/л. Магний мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Самарканд су қоймасы, Теміртау қ. шегінде, су қоймасының оңтүстік жағалауынан жарма бойынша (ұзындығы) 0,5 км. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 37 мг/дм³, фенолдар – 0,003 мг/дм³. Магний мен фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Самарканд су қоймасы- бойынша су температурасы 0,6 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,67-7,68, судағы еріген оттегі концентрациясы – 14,03-15,93 мг/дм³, ОБТ₅–2,60-3,46мг/дм³, түстілігі - 29-38 градус; иісі – 0 балл. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38 мг/дм³, фенолдар – 0,003 мг/дм³.

Кеңгір суқоймасы бойынша су температурасы 3,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,92, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,9 мг/дм³, ОБТ₅–1,08 мг/дм³, түстілігі – 11градус; иісі – 0 балл.

- Кеңгір суқоймасы, Жезқазған қ., Қара Кеңгір өзенінен 0,1 км А 15. Тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец– 0,059 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қара Кеңгір өзені:

- «Жезқазған қ., қаланың шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 0,2 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,2 км. жоғары» тұстамасында су сапасы 3 класқа жатады: ОБТ₅ – 3,43 мг/дм³. ОБТ₅ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- «Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,5 км. төмен» тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 10,8 мг/дм³. Аммоний ионның нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қара Кеңгір өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 1,2 – 5,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,40-7,78, суда еріген оттегі концентрациясы 5,70-12,1мг/дм³, ОБТ₅–1,78-3,43 мг/дм³, түстілігі – 14-153 градус; иісі – 1 балл.

Қара Кеңгір өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 5,49 мг/дм³.

Соқыр өзені

Өзен сағасы, Қаражар а. маңындағы автожол көпірі бойынша су температурасы 0,4°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,40, судағы еріген оттегі концентрациясы 2,28 мг/дм³, ОБТ₅–14,05 мг/дм³, түстілігі – 143градус; иісі – 1 балл. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 9,82 мг/дм³, марганец – 0,130 мг/дм³. Аммоний ионы нақты концентрациясы фондық кластан асады, марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шерубайнұра өзені

Шерубайнұра өзенінің сағасы, Асыл а. 2,0 км төменбойынша су температурасы 0,4°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,44, суда еріген оттегі концентрациясы 3,69 мг/дм³, ОБТ₅–13,15 мг/дм³, түстілігі – 188градус; иісі – 2 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 13,18 мг/дм³, марганец – 0,115 мг/дм³. Аммоний ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады, марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қарағанды облысының аумағындағы 2020 жылғы ақпандағы су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша былайша бағаланады: 2 класс- Кеңгір су қоймасы; 4 класс – Нұра өзені және Самарқан су қоймасы; нормаланбайды (>5 класс): Соқыр, Шерубайнұра, Қара Кеңгір өзендері.

Су сапасы 2019 жылдың ақпан айымен салыстырғанда Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгір өзендерінде және Кеңгір, Самарқан су қоймаларында су сапасы айтарлықтай өзгермеді (кесте 4).

8.7 2020 жылғы ақпан айының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті суларының сапасы

Нұра өзені

Суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100%. Тест-көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, Нұра өзенінің суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені.

Алынған мәліметтерге сәйкес биотестілеу кезінде берілген тест-нысанында өткір уыттылық анықталған жоқ. Өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 0% тең.

Қара Кеңгір өзені.

Биотестілеу кезінде Қара Кеңгір өзенің бақылағанда тірі қалған дафниялар саны Жезқазған қаласы, "ағынды сулар шығарылымынан 4,7 км төмен" 0% құрады. Басқа бақылау тұстамаларында тест-көрсеткіш 0%-ға тең болды. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы.

Суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтер бойынша өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді

Кеңгір су қоймасы.

Дафнияларды суда зерттеу кезінде тірі қалғандар саны 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0% тең. Қойманың суы биотестілеуден алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді. (5 қосымша).

8.8 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 9 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Қарқаралы, Саршаған, Жана – Арқа, Киевка Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№6 ЛББ) мен Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (8.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,04 -0,38мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

8.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды,) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,0 – 2,1 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.6-сурет. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9 Қостанай облысының қоршаған орта жай-күйі


9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
1	тәулікте 3 рет	қол күшімен сынама алынатын бекеттер (дискретті әдістер)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектері, (шаң) күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
3			Досжанова көш-сі 43, қала орталығы	
2	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Бородина көшесі, 142 үйдің ауданы	қалқыма бөлшектері, РМ-10, көміртек оксиді, диоксид және оксид азоты, күкірт диоксиді, гамма-фонның эквиваленттік қуаттылығының дозасы
4			Маяковского-Волынова көшесі	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық желісінің бақылау деректері бойынша (9.1 сур.), қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмендеңгейде** болып бағаланды, ол СИ тең 1,4 (төмен деңгей) мәнімен және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (1, 2 сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: азот диоксиді - 1,4 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ_{0.т.}-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды бір-реттік шоғырлары: РМ-2,5 қалқыма бөлшектері - 1,4 ШЖШ_{м.б.} күкірт диоксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ_{м.б.}-дан аспады (1-кесте).

Ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалмады.


9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
5	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Молодой Гвардии көшесі	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді көміртек оксиді, диоксид және оксид азоты, гамма-фонның эквиваленттік қуаттылығының дозасы
6			Мешіттің қасында	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сур. 9.2), қалада атмосферлық ауаның ластану деңгейі **төмен деңгейде** болып бағаланды, ол СИ тең 0,9 (төмен деңгей) мәнімен және ЕЖҚ = 0 % (төмен деңгей) (1, 2 сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ_{0.т.}-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ_{м.б.}-дан аспады (1-кесте).

Ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалмады.


9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3-кесте

Бақылаулар бекеттерінің орналасқан орны және анықталғыш қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
13	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот оксиді және диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртті сутек, озон



9.3-сурет. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.3 сур.), қалада атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** болып бағаланды, ол СИ тең 1,3 (төмен деңгей) және $EЖҚ = 1\%$ (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутек бойынша анықталды (1, 2 сур.).

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияларға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары $ШЖШ_{0.т}$ -дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды бір-реттік шоғырлары: озон (жербетті) - 1,3 $ШЖШ_{м.б}$ құрады, күкіртті сутегі - 1,1 $ШЖШ_{м.б}$ басқа ластаушы заттардың шоғырлары $ШЖШ_{м.б}$ -дан аспады (1-кесте).

Ауаның жоғары ластануы (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластануы (ЭЖЛ) байқалмады.

9.4 Қостанай облысының аймағында жер үсті суларының сапасы

Қостанай облысының аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 4 су объектілерінде жүргізілді – Тобыл, Әйет, Тоғызак, Үй өзендер.

Тобыл өзені Оңтүстік Орал таулары арасында Көкпекті және Бозбие өзендері қосылған жерде бастау алады, Қазақстан Республикасының Қостанай облысы арқылы далалар мен кең алқаптарда ағады.

Қазіргі уақытта Тобыл су қоймасы каскадымен реттелген. Желқуар (Жітіқара қ.), Верхнетобол (Лисаков қ.), Қаратомар, Сергеев (Рудный қ.) және Амангелді (Қостанай қ.) су қоймалары құрылды. Одан әрі Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облыстары арқылы Тавда, Тура, Исет, Обаған, Үй, Әйет, Тоғызак өзендерінің суын өзіне ала отырып, Тобольск ескі қаласының ауданында Ертіс өзеніне құяды.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Тобыл өзені:

- Гришенка ауылынан 0,2 км төмен, су бекеті тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 602,7 мг/л, минерализация -2048,4 мг/л. Минерализация, хлоридтердің нақты концентрациялары фондық кластан асады.

- Қостанай қ., қала су арнасы басқармасының шығарындыларынан 1 км жоғары тұстамасы: су сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,160 мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қостанай қ., 10 км төмен тұстамасы: су сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,167 мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Милютинка ауыл шегінде, су бекеті тұстамасында: су сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,175 мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 0,0-0,2 °С, сутегі көрсеткіші 7,43-7,71, суда еріген оттегінің концентрациясы – 4,56-8,24 мг/дм³, БПК₅ – 0,15-3,11 мг/дм³ барлық тұстамада.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 364,3 мг/л. Хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Әйет өзені

Әйет өзенінде су температурасы 0,1 °С деңгейінде, сутегі көрсеткіші 7,41, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,38 мг/дм³, БПК₅ – 3,33 мг/дм³.

– Варваринка а., ауылынан 0,2 км жоғары, су бекеті тұстамасында: су сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,115 мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тоғызак өзені

Тоғызақ өзенінде су температурасы $0,0^{\circ}\text{C}$ деңгейінде, сутегі көрсеткіші 7,32, суда еріген оттегінің шоғырлануы $-11,87 \text{ мг/дм}^3$, БПК₅ – $1,01 \text{ мг/дм}^3$.

- Тоғызақ ст. 1,5 км СБ су бекеті тұстамасында: су сапасы 5 класқа жатады: никель – $0,152 \text{ мг/л}$, қалқыма заттар – $34,8 \text{ мг/л}$. Никельдің және қалқыма заттардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.

Үй өзені

Үй өзенінде су температурасы $0,1^{\circ}\text{C}$, сутегі көрсеткіші – 7,66, суда еріген оттегінің концентрациясы – $7,66 \text{ мг/дм}^3$, БПК₅ – $2,42 \text{ мг/дм}^3$.

– Үй ауылынан шығысқа 0,5 км су бекеті тұстамасында: су сапасы 5 класқа жатады: никель – $0,162 \text{ мг/л}$. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылдың ақпан айында Қостанай облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: 5 - класс – Әйет, Үй, Тоғызақ өзендері; нормаланбайды (>5 -класс) – Тобыл өзені.

2019 жылдың ақпанымен салыстырғанда Тобыл және Тоғызақ өзендерінде су сапасы нашарлаған; Әйет өзенінде – айтарлықтай өзгермеген.

9.5 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

6 метеорологиялық стансада (Қостанай, Қарабалық, Қарасу, Жітіқара, Қараменді, Сарыкөл) күнделікті жергілікті мекенде гамманың сәуле шығару деңгейін бақылауы және 4 автоматты бекеттерде Қостанай қ. (№2 ЛББ; №4 ЛББ), Рудный қ. (№5 ЛББ; №6 ЛББ) атмосфералық ауанын ластануының бақылауы жүргізілді (9.6 сурет).

Радиациялық гамма-фонның жер беті қабатындағы орташа маңызы облыстың жергілікті мекендерінде $0,00-0,40 \text{ мкЗв/ч}$ шегінде болды. Облыста орташа радиациялық гамма-фон $0,10 \text{ мкЗв/ч}$ құрап және шекті жағдайда болды.

9.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Жер беті қабатындағы радиоактивті ластануларға бақылау Қостанай облысы аумағында 2 метеорологиялық стансада (Жітіқара, Қостанай) горизонтальный планшеттермен ауаның сынамасын алу жолымен жүргізілді (9.6 сурет). Стансада бес тәуліктік сынама алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфералық жер беті қабатындағы тәуліктік орташа радиоактивтік түсу тығыздығы $0,8-1,8 \text{ Бк/м}^2$ шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа көлемі $1,3 \text{ Бк/м}^2$ құрады, ол шекті болу деңгейінің асқан жоқ.



9.6-сурет. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі


10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Төрекұлова көшесі 76	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	ул. Берденова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
3			Койсары батыр б/н	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



10.1-сурет. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау
стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол $СИ=1,21$ (төмен деңгей) және $ЕЖҚ=0$ (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары азот диоксиді – $1,02 \text{ ШЖШ}_{\text{о.т.}}$, басқа ластаушы заттар $\text{ШЖШ}_{\text{о.т.}}$ -дан аспады (1-кесте).

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары азот диоксиді – $1,21 \text{ ШЖШ}_{\text{о.т.}}$, басқа ластаушы заттар ШЖШ -дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).

10.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
--------------	----------------	-----------------	------------------	----------------------

1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азотоксиді,формальдегид, озон гамма қуаттылығының дозасы
---	-------------------	-------------------	------------------------	---



10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=1,0 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары озон – 2,19 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ_{о.т.}-дан аспады

Ластаушы заттардың максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады (1 кесте).


10.3 Төретам кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,формальдегид, гамма қуаттылығының дозасы



10.3-сурет. Төретам кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.3-сур.) атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, ол $СИ=1,0$ (төмен деңгей) және $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластанушы заттардың орташа және максималды бір реттік шоғырлары ШЖШ аспады. (1-кесте)

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

10.4 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 2 су нысанында (Сырдария және Арал теңізі) жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Сырдария өзені:

- Төменарық бекеті, Түркістан қаласынан ОБ 46 км тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: минерализация – $1391,96 \text{ мг/дм}^3$, сульфаты - 440 мг/дм^3 , магний – $36,6 \text{ мг/дм}^3$. Магний және сульфат нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қызылорда қаласы, 3 км қаладан төмен тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – $30,5 \text{ мг/дм}^3$, минерализация – $1429,8 \text{ мг/дм}^3$, сульфаты - 450 мг/дм^3 . Сульфат және минерализация нақты концентрациясы кластан асады, магний нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Қазалы қаласы, қаланың ОБ бөлігінен 3 км, су бекетінде тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – $36,6 \text{ мг/дм}^3$, минерализация – $1393,26 \text{ мг/дм}^3$,

сульфаты - 430 мг/дм³. Магний, сульфат және минерализация нақты концентрациялары фондық кластан аспайды.

- Қызылорда қаласы, 0,5 км қаладан жоғары, 12 км су бекетінен төмен тұстамасы: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 30,52 мг/дм³, минералдылығы – 1380,736 мг/дм³, сульфаттар – 430 мг/дм³. Сульфат, магний, минерализация нақты концентрациялары фондық кластан аспайды.

- Жосалы кенті, су бекетінде тұстамасы: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 36,6 мг/дм³, минерализация – 1538,56 мг/дм³, сульфаттар - 440 мг/дм³. Магний және сульфат нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қаратерек ауылы, су бекетінде тұстамасы: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 36,6 мг/дм³, минерализация – 1541,16 мг/дм³, сульфаттар – 450 мг/дм³. Магний нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, минерализация және сульфаттар нақты концентрациялары фондық кластан асады.

Сырдария өзені бойымен: өзен суының температурасы 0,0-2,8°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 6,8-7,6 суда еріген оттегінің шоғыры 6,27-8,44 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 0,5-0,8 мг/дм³, түстілігі 18-120 градус, мөлдірлігі 21 см, иісі барлық бекеттерде 0 балл.

Сырдария өзені бойы бойынша су сапасы 4 классқа жатады: минерализация – 1445,91 мг/дм³, сульфаты – 440 мг/дм³, магний – 34,6 мг/дм³.

2019 жылғы ақпанмен салыстырғанда Сырдария өзені су сапасы айтарлықтай өзгермеді.

Арал теңізі:

Арал теңізі өзен суының температурасы 0,0°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 7,6, суда еріген оттегінің шоғыры 5,84 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 0,8 мг/дм³, түстілігі 11 градус, мөлдірлігі – 21 см, иісі - 0 балл.

10.5 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Қызылорда, Шиелі) және Қызылорда қаласы(№3 ЛББ)мен Ақай(№1 ЛББ),Төретам(№1 ЛББ)кенттерінің 3 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (10.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,03 – 0,28мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,13мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

10.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы $1,0 - 1,89 \text{ Бк/м}^2$ аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы $1,6 \text{ Бк/м}^2$, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



10.4-сурет. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

11 Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі

11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	1 шағынаудан, №3 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкірт қышқылы
4			Микрорайон 12 №22 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар соммасы, аммиак,

				күкірт қышқылы
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азотоксиді, күкірттісутек, аммиакозон(жербеті), көміртегі оксиді
6			31 шағынауданы, №10 учаскесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак, озон(жербеті)



11.1-сурет. Ақтау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** болып бағаланды, СИ=3 (көтеріңкі деңгей) озон (жер беті) бойынша № 6 бекет аумағында (31 шағын аудандан) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша № 5 бекет аумағында (12 шағын аудандан) анықталды (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ - дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары: PM-10 қалқыма бөлшектері – 2,7 ШЖШ_{м.б.}, озон (жер беті) – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2-кесте).

11.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	әкімшіліктің маңы	РМ-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, озон (жербеті), гамма сәулелену қуаттылығының эквиваленттік дозасы
2			Махамбет к-сі, 14 Амектеп	



11.2-сурет. Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.2 сур.) қаланың атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі **төмендеңгейде** болып бағаланды, СИ=1,2 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: азот диоксиді – 1,0 ШЖШ_{от.}, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары: азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


11.3 Бейнеу кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (11.3-сур., 11.3-кесте).

11.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бейнеу ауданы, Восточная	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербетті) күкіртті сутегі, аммиак



11.3-сурет. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3 сур.) қалада атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **төмен деңгейде** болып бағаланды, ол $СИ=0,7$ (төмен деңгей) мәнімен және $ЕЖҚ=0\%$ (төмен деңгей) мәнімен анықталды (1,2 -сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: қалқыма бөлшектері (шаң) – $1,0 ШЖШ_{0.т.}$, озон (жербетті) – $1,3 ШЖШ_{0.т.}$, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары $ШЖШ_{0.т.}$ - дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары $ШЖШ_{м.б.}$ -дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

11.4 Маңғыстау облысы аумағындағы Орталық Каспий теңіз суының сапасы

Маңғыстау облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 1 су объектісінде жүргізілді: Каспий теңізі- Орталық Каспий:Ақтау қаласының арнайы экономикалық аймақ су айдыны (4 нүкте), 1- Ақтау қ, демалыс аймағы (1); 2- Ақтау қ, демалыс аймағы (2); 3-Ақтау қ, порт аймағы (1); 4-Ақтау қ, порт аймағы (2); Қара Боғаз көл (1 нүкте); Адамтас (1 нүкте).

Орталық Каспий су температурасы $-0,8$, $- 2,2^{\circ}\text{C}$ шегінде, теңіз суы сутегі көрсеткіші $-7,7-8,17$, суда еріген оттегі $-7,9-9,0$ мг/дм³, ОБТ5 – $1,1-2,12$ мг/дм³ болды.

11.5 Маңғыстау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 4 метеорологиялық стансада (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар-Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (№1, №2 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні $0,08-0,17$ мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні $0,11$ мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

11.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы $1,2-2,3$ Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы $1,6$ Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



11.4-сурет. Маңғыстау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

12 Павлодар облысының қоршаған орта жай-күйі

12.1 Павлодар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (12.1-сур., 12.1-кесте).

12.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Камзин мен Чкалов көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі, фенол, хлор, хлорлы сутегі
2			Айманов көшесі, 26	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ломов көшесі	РМ 10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы
4			Қазправда көшесі	қалқыма бөлшектер(шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті

12.2 Екібастұз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (12.2-сур., 12.2-кесте).

12.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	8 ш-а, Беркембаев және Сәтбаевкөшелері	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді,азот диоксиді
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мәшкүр Жүсіп көшесі, 118/1	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді, күкіртті сутегі,радиациялық гамма фон қуаттылығы



12.2-сурет. Екібастұз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төменгі деңгейде** болып бағаланды, ол СИ=1,1 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) азот диоксиді бойынша № 1 бекет аумағында (Мәшкүр Жүсіп көшесі, 118/1) мәндерімен анықталды(1,2-сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғыры ШЖШ- дан аспады (1-кесте).

Азот диоксиді максималды бір-реттік шоғыры - 1,1 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


12.3 Ақсу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (12.3-сур., 12.3-кесте).

12.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі, 4«Г»	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы



12.3-сурет. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төменгі деңгейде** болып бағаланды, ол $СИ=1$ (төменгі деңгей) және $ЕЖҚ=0\%$ (төменгі деңгей) анықталды (1,2-сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

12.4 Ақсу қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ауаның ластануын бақылау Ақсу қаласында екі нүктеде жүргізілді (*№ 1 нүкте-ССЗ АЗФ шекарасы, № 2 нүкте – орталық стадионның ауданы*)

Аммиак, бензолдың, этилбензолдың, бензиннің, күкіртсутегінің, көмірсутектердің, фтор сутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша, ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (12.4-кесте).

12.4-кесте

Ақсу қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	$q_{\text{мг/м}^3}$	$q_{\text{м/ШЖШ}}$
Аммиак	0,0017	0,0085
Бензол	0,077	0,255
Этилбензол	0,010	0,505
Бензин	3,01	0,602
Күкіртсутегі	0,001	0,0875
Көмірсутектердің	0,22	-
Фтор сутегі	0,0001	0,004

12.5 Павлодар облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Павлодар облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 1 су объектінде – Ертіс өзенінде жүргізілді.

Ертіс өзені ҚХР аумағында бастау алады және Шығыс Қазақстан облысы арқылы өтеді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Ертіс өзені:

- Май а., ауыл шегінде тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
